ЗЕРЕНДІ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

# ЗЕРДЕЛІ ЗЕРЕНДІ

● 2012 жылдан бастап шығады ● Жұма, 26 тамыз , 2022 жыл №34 (500)

## ПРЕЗИДЕНТ



# Мемлекет басшысы Ресей Президентімен кездесті

**Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен келіссөз жүргізді.**

Кездесуде мемлекеттер басшылары Қазақстан-Ресей стратегиялық әріптестігінің өзекті мәселелерін жан-жақты талқылады. Сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қарым-қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Шын мәнінде, Қазақстан мен Ресей арасында стратегиялық серіктестік негізіндегі қарым-қатынас орнаған. Биыл біз дипломатиялық қарым-қатынас орнатудың өте маңызды датасы - 30 жылдығын атап өтіп жатырмыз. Осыдан 30 жыл бұрын Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа қол қойылды. 2013 жылы осы Шарт елдеріміз арасындағы одақтастық қатынастар туралы сіз қол қойған жаңа құжатпен толықтырылды. Сондықтан қалыптасқан негіз өте жақсы, – деді, Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық ынтымақтастық табысты дамып келе жатқанына тоқталып, өнеркәсіп кооперациясы біздің көңілімізден шығатындай елеулі нәтижелерге жеткенін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, сауда динамикасы дұрыс жағынан дамып жатыр. Былтыр сауда көлемі 24,5 миллиард долларды құрады. Президент бұл көрсеткішпен Ресей біздің тауар айналымымызда бірінші орында тұрғанын айтты.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ және басқа да халықаралық институттар арқылы белсенді ынтымақтасып келе жатқанымызға тоқталды.

– Биыл Қазақстан ТМД-ға төрағалық етеді. Қазан айында ТМД саммиті өтеді. Оған өзіңіз қатысасыз деген сенімдеміз. Оның үстіне Ресей Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында маңызды рөл атқарады. Бұл – шынымен де халықаралық форматтағы ынтымақтастықтың басым бағыты, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қазіргі геосаяси жағдайдағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселеларіне назар аударды.

– Геосаяси жағдайдың ерекшелігі үкіметтерімізге қосымша нұсқаулар беру үшін келісіп алу қажет екенін көрсетіп отыр. Олар бір-бірімен табысты қызмет етіп келеді. Дегенмен өмірдің өзі жаңа міндеттер қояды және олар шешуді қажет етеді. Жалпы, біздің ынтымақтастығымыздың дамып келе жатқанына қанағаттануға толық негіз бар. Мен бұл тұрғыда сізбен келісемін. Бізді ортақ шекара біріктіреді. Ол – әлемдегі ең ұзын құрлықтағы толығымен делимитацияланған шекара. Біздің ынтымақтастығымыздың болашағына қатысты пессимистік болжамдар жасауға, әрине, негіз жоқ! Мен Қазақстан Республикасының Президенті ретінде барлық салалардағы екіжақты ынтымақтастығымызға қосымша серпін беруге ниеттімін – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа шақыруын қабыл алып, Сочиге келгеніне алғысын білдірді.

– Шақыруымды қабыл алғаныңызға рахмет. Біз екеуіміз үнемі кездесіп тұрамыз. Жақында ғана жүздескен едік, бірақ Сочиде кездесуге келістік. Алдымызда өте ауқымды жұмыс бар. Ал биыл ерекше жыл. Біз қазан айында дипломатиялық қарым-қатынастың 30 жылдығын атап өтеміз. Осы датаға орай түрлі іс-шаралар жоспарланып отыр. Біздің министрліктер мен ведомстволар белсенді жұмыс істеп жатыр. Үкіметаралық комиссия қарқынды жұмыс істеп келеді. Сыртқы істер, қорғаныс министрліктері бірлесіп түрлі іс-шараларды, соның ішінде ҰҚШҰ аясындағы бірлескен оқу-жаттығуларды және тағы басқаларын дайындап жатыр. Тауар айналымы өсіп келеді. Былтыр 34,4 пайызға өссе, биыл бес айда 9 пайызға дерлік, 8,8 пайызға өсті. Инвестициялар екі жақтан да артып келеді. Меніңше, Ресей инвестициясы 18 миллиард долларға жетті, ал Қазақстанның Ресейге салған инвестициясы төрт жарым миллиард шамасында. Қазақстанның сауда-экономикалық серіктестері арасында Ресей бірінші орында тұр. Бізде сондай-ақ жақсы ірі жобалар дамып жатыр. Жоғары технологиялық салаларда, соның ішінде ғарыш саласында жұмыс істейміз. Жалпы, жұмыс барлық бағыт бойынша айтарлықтай қарқынды әрі оң бағытта жүріп жатыр. Біздің кездесуіміз, әрине, сенімді стратегиялық серіктестігімізді дамытуға қосымша серпін беретініне өте қуаныштымын, – деді Ресей басшысы.

**www.akorda.kz**

# Конституциямыз ғұмырлы, елдігіміз мәңгілік болсын!

***Құрметті Зеренді тұрғындары!***

Сіздерді тыныс-тіршілігіміздің ең маңызды мерекесі - Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтаймын!

Конституциямыз басты қоғамдық-саяси оқиға ретінде - әрқайсымызға қуаныш сыйлап, қоғамдық өмірге белсене қатысуға мүмкіндік беруде. Конституциясын қабылдаған Қазақстан халқы - бостандық, өркендеу және демократиялық жолды таңдап, мемлекетіміздің ұзақ жылдарға арналған үдемелі даму стратегиясын айқындады. Еліміздегі саяси тұрақтылық пен даму қорытындылары, мемлекетіміздің негізгі құжатының уақыт сынынан ойдағыдай өтіп, өміршеңдігін дәлелдегенін көрсетуде. Ол мемлекетіміздегі құқықтық жүйенің қалыптасуына, азаматтық келісімның нығаюына, еліміздің жан-жақты дамуына жол ашып, қабылданатын заңдарымыздың мәні мен мазмұнына негіз болуда.

Мемлекетіміздің Ата Заңына құрметпен қарағанда, оның талаптарын қатаң сақтағанда ғана біздің - өзара түсіністікке, бейбітшілік пен тұрақтылыққа, Отанымыздың жарқын болашағына қол жеткізе аларымыз ақиқат.

Біздің ортақ борышымыз - Негізгі Заңымыздың талаптарын бұлжытпай орындап, Отанымызды, тарихымызды құрметтей білу.

Конституцияның, тек мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзіміз, отбасымыз және балаларымыз үшін де қажет екенін жете түсінуіміз аса маңызды.

***Құрметті жерлестер!***

Сіздерді Конституция күнімен тағы да шын жүректен құттықтаймын! Біздің үйлесімді еңбегіміз, ұйымшылдығымыз Қазақстанның ары қарай дамып-өркендеуіне оң әсерін тигізіп, жаңа жетістіктерге бастайтынына сенімдімін. Ата Заңды ардақ тұтқан еліміз өркендей берсін!

Баршаңызға мықты денсаулық, өмірлеріңізге бақыт пен шаттық тілеп, тәуелсіздігіміз тұғырлы, Конституциямыз ғұмырлы, елдігіміз мәңгілік болсын дегім келеді!.

**Зеренді ауданының әкімі**
**Әсен ЖАҚСЫЛЫҚОВ.**

# Білім күні мерекесі құтты болсын!

***Құрметті ұстаздар, оқушылар, ата – аналар!***

Сіздерді келе жатқан жарқын да қуанышты мереке – Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

1 қыркүйек барша тұрғындардың, әсіресе балалардың көптен күтетін мерекесі!

Педагогтар үшін бұл күн - жаңа кезеңнің басталуы, оқушыларымен кездесудің қуанышы, шәкірттеріне білімнің таңғажайып әлемін қайта-қайта ашуларына мүмкіндік жасау. Білім алушылар үшін бұл жаңа жетістіктерге жетіп, жаңалықтардың куәсі болудың кезеңі. Аталған күні мектептердің сыныптар бөлмелері балалардың шулы, қуанышты дауыстарына толады.

1 қыркүйекті мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отырған бірінші сынып оқушылары ерекше сезіммен күтетініне белгілі. Биыл ауданымыздың 5 мыңнан астам оқушылары білім әлеміндегі жолдарын жалғастырса, 487 бірінші сынып оқушылары алғаш рет осы қиындықтарға толы, дегенмен өмірлік тыныс-тіршіліктеріне аса қажетті жолдарын бастағалы отыр. Оларды 1200 - ден астам мұғалімдер қауымы білім нәрімен сусындатпақшы.

1 қыркүйек - тек мереке күні ғана емес, ол аса жауапты кезеңнің кезекті рет басталуы. Жас ұрпақтарға білім беру ел жылнамасының қай кезеңінде болмасын қала берді қиыншылықтарға толы жылдары да, басты басымдықтардың бірі болып сақталып отырылды. Өйткені ол мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, инновациялық даму әлеуетін айқындайтын аса маңызды сала. Мемлекетімізде білім беруді дамытуға оңтайлы жағдайлардың барлығы жасалған. Осының нәтижесінде ауданымыздың да білім саласы жылдар өткен сайын өркендеп, жаңа инновациялық бағдарламалар енгізіліп, мектептеріміздің материалды - техникалық базалары нығаюда.

Қымбатты жерлестер! Баршаңызды Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен тағы да құттықтаймын! Мұғалімдерге кәсіби табыс, ата-аналарға түсіністік пен шыдамдылық тілеймін! Оқушыларыңыздың жаңа оқу жылында алған білімдері мен машықтары ел дамуының жаңа кезеңіне негіз болсын!

Шәкірттердің басталғалы отырылған оқу жылында ерекше ынта танытып, үздік бағалар алып, шығармашылық жетістіктерге жетулерін тілеймін! Барлық қиындықтарды еңсеріп, шын мәніндегі білімді тұлғалар болып қалыптасып, ауданымыз бен ортақ мекеніміз - Қазақстан Республикасының дамуына өз үлестерінді қоса алатындарыңа сенімдімін дегім келеді!

Мереке құтты болсын!

**Зеренді ауданының әкімі**
**Әсен ЖАҚСЫЛЫҚОВ.**

# Конституция - ел бірлігінің кепілі

***Құрметті зеренділіктер!***
***Қымбатты жерлестер!***

Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесімен шын жүректен шыққан құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Конституция - мемлекетіміздің Негізгі заңы, халық бірлігінің нышаны, тұрғындарымыздың ел болашағына деген сенімінің, патриотизмінің нышаны. Осы құжатта белгіленген нормалар мен қағидалар қазақстандық мемлекеттілікті дамытудың берік негізін қалап, көпұлтты еліміздегі әлеуметтік және саяси тұрақтылықты, бейбітшілік пен достықты нығайтты. Бұл күн әрқайсымыз үшін маңызды, өйткені біз мемлекеттің басты қозғаушы күшіміз.

Еліміздің Негізгі заңы азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарының кепілі, осының арқасында біз өркениет жолымен сенімді қадам басудамыз.

Осы мереке күні елімізге табыс, азаматтарымызға ашық, бейбіт аспан тілеймін! Әрбір қазақстандықтардың отбасында бақыт пен береке орнап, Отанымыздың өркендеп-дамуы жолындағы еңбектері жаңа жетістіктерге жетелесін!

**Қайрат АУҒАЛИЕВ,**
**Зеренді аудандық мәслихатының хатшысы.**

# Назарда – жылу беру науқанына дайындық



**Зерендіде жұмыс сапарымен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Ғани Нығыметов жұмыс сапарымен Зерендіде болды.**

Мемлекеттік инспектор аудан әкімі Әсен Жақсылықовпен М.Ғабдуллин атындағы мектеп-гимназиясының, аудандық емхананың және аудандық ауруxананың стационарлық бөлімінің жұмысымен танысып, жаңа блокты-модульді жылу қазандығын көріп, аталған нысандардың қазіргі жағдайынан ақпарат алып, олардың алдағы жылу беру маусымына дайындығынан хабардар болды.

Аудан әкімі Әсен Жақсылықов мемлекеттік инспекторға жылу қазандығының қазіргі жағдайы және алдағы жоспарына қатысты мәлімет берді.

Ғимарат құрама сэндвич-панельдердің металды жабдықтардан тұрады.

Мұнда қуаты 3 Гига калориялық (Гкал), көмірді беру мен күлді шығару автоматтандырылған, олармен қатар аралас жағармаймен жұмыс істейтің қуаты , 3,75 Гкал жағу материалдары механикалық тәсілмен берілетін қондырғы, электр энергиясын үздіксіз беру үшін дизельді генератор орнатылып, басқа да бірқатар жұмыстар атқарылған.

Жаңа жылу қазандығының қуаты сағатына 19,5 Гига калорияға, қосымша жылу беру аумағы 134,2 мың шаршы метрге тең.

Қазіргі кезеңде бастапқы сынақ жұмыстары жүргізіліп, қолданыстағы жылутораптарына қосылудың гидравликалық сынағы өткізілген. Ғани Нығыметов М.Ғабдуллин атындағы мектеп-гимназиясында болған кезінде кабинеттерді, спорттықзалды қарап, осы мекемедегі тарихи-өлкелік мұражайдың жұмысымен , ауданның басқа елді мекендерінен қатынап оқитын балалар тұратын интернаттың жағдайымен танысты.

Жаңа оқу жылында 320 оқушыға есептелген мектептің парталарына 310 оқушы отырмақшы , бүгінде оларды қарсы алуға, шәкірттердің саналы тәрбие, сапалы білім алуларына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған.

Мемлекеттік инспектор емханада болғанда бастапқы медициналық-санитарлық, стационарлық және стационарға орналастыру көмектерінің жасалу шарттарынан хабардар болды.

Бүгінде мекеме заманауи қажеттіліктермен жабдықталып, медициналық ақпараттық жүйені қолдануда.

**Өз тілшімізден.**




# Құттықтаймыз!

**«Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Зеренді аудандық филиалы тамыз айында мерейтойларын атап өтушілерді, өмір ағымының айтулы белесімен құттықтайды!**

**85-жылдығымен:** Иванова Анна Гавриловнаны (Бұлақ округі), Құсайынов Әмірхан Әбілхасенұлын (Викторовка округі), Колесникова Мария Васильевнаны, Бейсембекова Шәмшубануды (Зеренді округі), Кенжеғарин Тұрлыбек Кенжеғараұлын (Исаковка округі), Джабирова Екатерина Никитичнаны, Качанова Галина Федоровнаны (Қонысбай округі), Баймұқанова Ғалия Милькешқызын (Садовый округі), Жүсіпова Күмісті (Троицк округі).

**80-жылдығымен:** Антонияди Екатерина Анастасовнаны (Зеренді округі), Берещенко Любовь Николаевнаны (Садовый округі).

**75-жылдығымен:** Новиков Михаил Александровичті (Бәйтерек округі), Нұрғалиева Күлпәрашты (Викторовка округі), Бордунова Тамара Николаевнаны, Смышляева Людмила Александровнаны, Леонтьев Владимир Алексеевичті, Евсеенко Ольга Андреевнаны, Позднякова Нина Николаевнаны, Юринова Тамара Михайловнаны (Зеренді округі), Алеева Зинаида Мейрамовнаны (Күсеп округі), Ақмағанбетова Балшарапты (С.Сейфуллин атындағы округ).

**70-жылдығымен:** Чичеров Владимир Викторовичті және Абдина Шолпанды (Аққөл округі), Ағаева Сандуғаш Кенжеғалиқызын (Бәйтерек округі), Ережева Азиланы (Викторовка округі), Разина Нелли Станиславовнаны, Қайырбекова Айгүл Балтабайқызын, Салықов Сапар Бекенұлын, Омаров Болатхан Зейноллаұлын, Жирнов Александр Тимофеевичті, Әбілпейісов Бауыржан Шаймұратұлын, Зейнеш Хавдылханды, (Зеренді округі), Ковалевский Григорий Болеславовичті (Исаковка округі), Жетпісбаева Кенжебикені, Жамухамбетова Сұлушаш Шаймерденқызын, Масалитина Тамара Викторовнаны, Дошамакова Жәния Молдашевқызын, (Күсеп округі), Арықов Нұрмағамбет Тиешұлын (Қонысбай округі), Ақышев Жолдасбек Әбділдаұлын (Қызылсая округі), Теске Зоя Федоровнаны (М.Ғабдуллин ауылдық округі), Бегежанова Дәмеш Бейісқызын (Ортақ округі), Кузнецов Николай Михайловичті (Приречен округі), Клевец Виктор Владимировичті (С.Сейфуллин атындағы округ),Молдахметов Батырхан Ахметқалиұлын, Шогурмаков Амангелді Жомартұлын (Симферополь округі).

**65-жылдығымен:** Байгенжин Жұмағалиды (Аққөл округі), Кузьмук Анатолий Петровичті және Тренкин Елена Ивановнаны (Айдабол ауылы), Понамарева Любовь Васильевнаны, Матасова Зинаида Алексеевнаны, Демченко Василий Ивановичті, Шатохин Илья Николаевичті, Кирилова Александра Васильевнаны (Викторовка округі), Байкенова Бақытжан Ескендірқызын, Маслова Екатерина Тимофеевнаны, Рақымжанов Сейілхан Қабдрашитұлын, Жүсіпбекова Ботагөз Құсайынқызын, Шестаков Александр Прохоровичті, Рей Александр Александровичті (Зеренді округі), Киселев Анатолий Васильевичті (Исаковка округі), Вильгельм Владимир Филлиповичті (Күсеп округі), Байдалина Күлжиян Ережепқызын, Қарабатырова Күләш Қаржанқызын, Рябоха Александр Алексеевичті (Қонысбай округі),Савченко Сергей Ивановичті (М.Ғабдуллин ауылдық округі), Байбаков Берік Балтабекұлын (Сарыөзек округі), Сейтенова Бахыт Неғметжанқызын, Пішембаев Албырт Қадырұлын(Садовый округі), Немчинский Владимир Вацлавовичті (Симферополь округі), Мұстафин Балдырған Ғалымжанұлын (Троицк округі).

**Барлық мерейтой иелеріне зор денсаулық, бақыт пен шаттық тілейміз!**

## *Құрметті тұрғындар!*

### *Аудандық газеттерді жаздырып алушылар мен оқырмандар!*

Сіздерге біздің газеттерімізге зейін қойып, қолдау жасап отырғандарыңыз үшін шын жүректен шыққан алғыс сезімімізді білдіреміз. Бүгінгі электрондық ақпарат легінің көптігіне қарамастан Сіздердің - біздің басылымға адалдық танытуларыңызға шексіз ризамыз. Алдағы кезеңде де аудандық газеттерді жаздырып алып, оқитындарыңызға сенімдіміз! Белгілі бір себептермен газеттерге жазылуға үлгермеген оқырмандарға оны қазір ресімдеу мүмкіндігі бар екенін хабарлаймыз! Әр айдың 25 жұлдызына дейін «Зерен» және «Зерделі Зеренді» баспасөздеріне келесі айларға жазылуға болады. Газеттерімізге жазылсаңыздар, сіздер ауданда болып жатқан барлық өзгерістердің, жаңалықтардың куәсі болып отырасыздар!

**Анықтамалар мен орын алған сұрақтарыңыз бойынша 20 -1- 93, 52 -3 -59 телефондарына хабарласуларыңызға болады.**

*Сақтық қалыптылықтың кепілі*

# Күзгі кезеңдегі өрт қауіпсіздігі

**Күзгі маусымның келуімен өрт қаупі кезеңі де басталады. Статистика дәл осы уақытта өрттер санының ұлғаятынын және олардың көбі тұрғын үйлер секторында орын алатынын көрсетуде.**



Өрттердің негізгі себептері адам факторы, мұнымен қатар жылуберу жабдықтарының жарамсыздығы немесе оларды пайдалану ережелерін бұзу болып табылады.

Жылыту құралдарын, электрлі, ақаулы пешті ұқыпсыз, немқұрайлы пайдаланудың соңы өртке әкелетінін әрдайым есте ұстаған абзал.

Жоғарыда аталған негізде, пеш қондырғыларын пайдалану кезіндегі міндетті басшылыққа алатын өрт қауіпсіздігі талаптарын тағы да естеріңізге саламыз:

1. Тек толықтай жарамды пештерді пайдалануға болады;

2. Жылу беру маусымы басталар алдында барлық пештер мұқият тексеріліп, жөнделулері қажет. Ақаулы пештер, каминдер және түндіктер пайдалануға жіберілмейді.

3. Түтінді шығару үшін қатаң түрде кертіксіз тік мұржаларды қолдану керек. Түтін каналдары қабырғаларының қалыңдығы 120 милиметрден кем болмауы шарт.

4. Еденді, қабырғаларды және бөлме бөлінділерін жанудан қорғау үшін келесілерді қарастыру қажет:

5. Пештің от жағылатын саңылауынан жиһаздарға, төсектерге және басқа да жанғыш заттарға дейінгі арақашықтық кемінде 1,25 метр болуы міндетті.

6. Тыйым салынады:

6.1. Жарылған жерлері, ақаулы есіктері бар пештерді, каминдерді, түтін мұржаларынан қабырғалардың, бөлінділердің және жабындардың жеткіліксіз бөлінгенінде пайдалануға;

6.2. Пештерді тұтату үшін бензин, керосин және басқа да тез жанғыш сұйықтықтарды қолдануға;

6.3. Пештерді шамадан тыс қыздыруға, пештерде және олардың жанында отындарды, киімдерді және басқа материалдарды кептіруге;

6.4. Пеш жаққанда ұзындығы жағу бөлігінен асатын отындарды қолдануға, есіктері ашық пештерді жағуға;

6.5. Жанып жатқан пештерді қараусыз қалдыруға, сондай-ақ оларды қадағалауды жас балаларға тапсыруға;

6.6. Іштерінде жанғыш заттары бар сыйымдылықты жабдықтарды тұрғын мекенжайда, шатырларда, балкондарда және жертөлелерде сақтауға;

Өрт кезіндегі іс-әрекеттер:

- өртті немесе жану белгілерін (түтін, күйіктің иісі, жоғары температура) байқасаңыз бірден 101 немесе 112 телефондарына хабарлаңыз;
- нысанның орналасқан мекен-жайын, өрттің шыққан орнын және өз есіміңізді, тегіңізді атаңыз;
- адамдардың өміріне қауіп төнген жағдайда оларды бірден қолыңызда бар құралдарды пайдаланып, құтқаруды ұйымдастырыңыз;
- өртсөндіру бөлімшесі келгенге дейін өртті сөндіруге қолда бар бастапқы өртсөндіру құралдарын (су, құм, қар, өртсөндіргіштер) пайдаланыңыз;
- қарттарды, балаларды, мүгедек жандарды қауіпті аймақтан шығарыңыз.

**Зеренді ауданының Төтенші жағдайлар бөлімі.**

# ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

**«Неруд-Көкшетау» ЖШС белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы ретінде (ҚР, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Гранитный кенті, Гранитный шағын ауданы 30, БСН 060340004043, тел.: +7-716-2-50-25-36) «Ұсату-сұрыптау орталығының құрылысы» жұмыс жобасына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетіні туралы хабарлайды.**

Нысанның орналасқан жері: Ақмола облысы, Зеренді ауданы,Қонысбай а/о, «Қызылқоғам» кен орны. Қоғамдық тыңдауларды өткізудің орны, күні және басталу уақыты: 5 қазан 2022 ж. сағат 17.00, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Қонысбай ауылдық округі, Гранитный кенті, Гранитный шағын ауданы 27, «Зеренді ауданы бойынша білім беру бөлімінің Гранитный кентінің негізгі орта мектебі» КММ ғимараты (офлайн);https://us04web.zoom.us/j/72559953000?pwd=VEpoalpubjQyenc0eUJ2UXc3bEZwQT09 (онлайн конференция), конференция идентификаторы: 248 741 0037, кіру коды: jks7uG. Қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында бейнеконференцбайланысты ұйымдастырудың техникалық мүмкіндіктің барын растаймыз.

Өз қызметін ҚОҚ Министрлігінің 2008 жылғы 15 мамырда берген № 01224р мемлекеттік лицензия негізінде жүзеге асыратын «САиС экologi-nedr» ЖШС мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері құжаттамасының әзірлеушісі болып табылады. Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: eco_ofis@mail.ru; тел.: +7-771-607-12-53.

Жоба бойынша құжаттама электрондық түрде орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы: https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru.

Бірыңғай экологиялық порталға сілтеме:https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданатын электрондық поштаның мекенжайы және жергілікті атқарушы органның пошталық мекенжайы: «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ 020000, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89; e-mail: natur@aqmola.gov.kz.

# Әлемдегі ғылым түсіндіре алмайтын құбылыстар

**Кейінгі 70 жылда ғылыми прогресс айтарлықтай серпінмен алға жылжуда. Адамдар ғарышқа ұшты, өлімге әкелетін ауруларды емдей бастады, жасанды интеллект дамыды және т.б. Бірақ ғалымдар қаншалықты көп ғылыми жаңалықтар ашса, соғұрлым көп сұрақтар туындауда. Қажет десеңіз гравитация белгілі болғаннан кейін көптеген сұрақтар орын алуда.**

**Қараңғы материя дегеніміз не?**

«Қараңғы материя» терминін алғаш рет 1906 жылы француз ғалымы Анри Пуанкаре қолданған. Астрономия мен теориялық физикада бұл әлем салмағының 80% құрайтын материя формасының атауы. Ол ешқандай жарық шығармайды, қатынасқа түспейтін материяның түрі. Яғни, астрофизика ғылымында жарықпен әсерлеспейтін, бірақ тартылыс күшінің ықпалына ұшырайтын (гравитациялық эффекті) затты – «Қараңғы материя» деп атайды. Бұл қасиет оған бақылау жүргізуге мүмкіндік бермейді. Бірақ оны жасайтын гравитациялық эффектілерінің көмегімен байқауға болады.

Қазіргі уақытта ең көп тараған нұсқада қараңғы материяның гипотетикалық WIMP бөлшектерінен (WIMP, Weakly Interacting Massive Particle) тұратыны айтылады. Олар протондардан 100 есе ауыр болуы мүмкін, бірақ бүгінде белгілі құрылғылардың ешқайсысымен өзара әрекеттеспейді. Бір күні ғалымдар қараңғы материяның құпиясын ашатыны сөзсіз, бірақ дәл бүгін оның алдында ғылым дәрменсіз.

massaget.kz

Меншік иесі және шығарушы «Z-ИНФОРМ» ЖШС

«Z-ИНФОРМ» ЖШС директоры, бас редактор КИМ С.В.

Шеф-редактор Қайрат Қазиақпаров

Таралымы 782 | № 276 тапсырыс

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2012 жылғы 20 қарашада тіркеліп, № 13179-Г куәлігі берілген

Біздің мекенжайымыз: Ақмола облысы, Зеренді селосы, Тәуелсіздік көшесі, 65. Тел/факс: 8 (716 32) 20-1-93 e-mail zerenda_gazeta@mail.ru

вконтакте facebook

Газет «Старкова А.А.» ЖК баспаханасында басылған. Көкшетау қаласы, Е.Әуелбеков көшесі, 98.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет шығады.

Мәлімдеудің, деректердің және жариялаудың дұрыстығына авторлар жауап береді. Жарияланған мақалалардағы автордың көзқарасы редакцияның ой-ұстанымын, пікірін білдірмейді. Жарнамалардың және хабарландырулардың мазмұнына берушілер жауапты.

Қолжазбалар сарапталмайды және қайтарылмайды.

# Общественные слушания

**ТОО «Неруд-Кокшетау», как инициатор намечаемой деятельности (РК, Акмолинская область, Зерендинский р-н, п. Гранитный, микрорайон Гранитный, 30, БИН 060340004043, телефон: +7-716-2-50-25-36), сообщает о проведении общественных слушаний по проекту «Отчет о возможных воздействиях» к рабочему проекту «Строительство дробильно-сортировочного комплекса».**

Адрес расположения объекта: Акмолинская область, Зерендинский район, Конысбайский сельский округ, месторождение «Кызылкогам». Место, дата и время начала проведения общественных слушаний: 5 октября 2022 года. 17.00 часов, Акмолинская область, Зерендинский р-н, Конысбайский с/о, п. Гранитный, микрорайон Гранитный, 27, здание КГУ «Основная средняя школа поселка Гранитный отдела образования по Зерендинскому району» (офлайн);https://us04web.zoom.us/j/72559953000? pwd=VEpoalpubj Qyenc0eUJ2UXc3bEZw QT09 (онлайн конференция), идентификатор конференции: 248 741 0037, код доступа: jks7uG. Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

Разработчиком документации объектов государственной экологической экспертизы является ТОО «САиС экоlogi-nedr», осуществляющее свою деятельность на основании государственной лицензии № 01224Р от 15 мая 2008 года, выданной Министерством ООС. Адрес электронной почты и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: eco_ofis@mail.ru; тел.: +7-771-607-12-53.

Адрес интернет ресурса местного исполнительного органа, где размещена документация по проекту в электронном виде: https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru. Ссылка на Единый экологический портал: https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex.

Адрес электронной почты и почтовый адрес местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения в письменной или электронной форме: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области» 020000, г. Кокшетау, ул. Абая, 89; e-mail: natur@aqmola.gov.kz.


## ОКАЗЫВАЮ УСЛУГИ

**по оформлению любой недвижимости:**

* продажа, покупка, дарение, наследство;
* оформление прав по решению суда;
* полное сопровождение сделки;
* юридическая проверка документов.

Людям с ограниченными возможностями - услуги бесплатно.

**Телефоны: 8-71632-20177, 8-701-992-10-82.**


# Уважаемые абоненты!

ГКП на ПХВ «Зеренда-Сервис» повторно доводит до вашего сведения о необходимости проведения мероприятий по подготовке к отопительному сезону 2022-2023гг. Срок исполнения - до 12 сентября текущего года.

В случае неисполнения мероприятий по подготовке к отопительному сезону претензии по качеству подачи тепловой энергии приниматься не будут.

**Администрация ГКП на ПХВ «Зеренда – Сервис».**


**ЛИНОЛЕУМ - в наличии более 100 видов** (ширина - от 1,5 до 4 метров, цена – от 1300 за кв.м).

**ОБОИ – более 700 видов.** Цена – от 600 до 12000 тенге.

**ПРОФЛИСТ - (30 видов) – от 6000 тг.**

Трубы, уголок, арматура, сетка кладочная, сухие смеси, цемент, фанера, гипсокартон, профиля, ОСБи, ДВП, ДСП, утеплители, декорпанели, сантехника, канализация и многое другое по низким ценам.

**ВЫХОДНОЙ - ВОСКРЕСЕНЬЕ. ДОСТАВКА.**

**Наш адрес: с.Зеренда, ул. Чапаева, 18, магазин «Болашак». Телефоны: 8-771-254-59-20, 8-777-977-57-26.**

**ЗАКУПАЮ ГРИБЫ - грузди сырые (из леса), соленые, отварные. Телефоны: 8-771-166-16-12, 8-777-497-94-52.**


# Внеочередное общее собрание

**В соответствии с п.1 ст.46 Закона Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» ТОО «Приречное 1» уведомляет о проведении внеочередного общего собрания участников ТОО «Приречное 1», назначенного на 11.00 часов по времени г. Нур-Султан, 26 сентября 2022 года.**

Место проведение собрания: РК, Акмолинская область, Зерендинский район, с. Приречное, улица Достык, дом 25, квартира 2, со следующей повесткой дня:

1. О предоставлении в залог в качестве обеспечения исполнения обязательств:

- ТОО «Кредитное товарищество «Достық-Дружба» перед АО «Аграрная кредитная корпорация» по Рамочному соглашению об открытии кредитной линии №484-АКМ-КТ6 от 28.12.2018 года следующего имущества, принадлежащего ТОО «Приречное 1»:

-трактор Кировец К-742, заводской номер СО480, 2022 года выпуска, ГРНЗ 143CAUD, в количестве 1 единицы, местонахождение по адресу: Акмолинская область, Зерендинский район, село Приречное;

-посевной комплекс«Alkor-10», заводской номер 29.3-05784437-274, 2019 года выпуска, в количестве 1 единицы, местонахождение по адресу: Акмолинская область, Зерендинский район, село Приречное;

- сеялка дисковая «PottingerterrasemC8»,заводской номер 85080001051, 2013года выпуска, в количестве 1 единицы, местонахождение по адресу: Акмолинская область, Зерендинский район, село Приречное.

2.Предоставление согласия ТОО «Кредитное товарищество «Достық-Дружба» и АО «Аграрная кредитная корпорация» на внесудебную реализацию имущества, передаваемого в залог, с правом обращения в свою собственность, в случае неисполнения и/или ненадлежащего исполнения ТОО «Приречное-1» своих обязательств перед ТОО «Кредитное товарищество «Достық-Дружба», а также в случае неисполнения и/или ненадлежащего исполнения ТОО «Кредитное товарищество «Достық-Дружба» своих обязательств перед АО «Аграрная кредитная корпорация».

3.О предоставлении согласия ТОО «Приречное-1» на рассмотрение всех споров, разногласий и требований, возникающих из договоров о предоставлении обеспечения и связанных с ними отношений, как в государственном суде в соответствии с требованиями ГПК РК, так и в ТОО «Арбитраж Алматы».

4. О наделении полномочиями директора ТОО «Приречное-1» Исина Жумабека Аскербековича на представление интересов ТОО «Приречное-1» в ТОО «Кредитное товарищество «Достық-Дружба» и на заключение договоров залога, дополнительных соглашений к ним и иных документов, связанных с реализацией проекта.


## ПРОДАМ

**автомашину «Газель», 2005 года выпуска, цена – 3500000 тенге. Торг.**

**Телефон: 8-705-226-63-01.**



**КУПЛЮ** баллоны кислородные, углекислотные, аргоновые, газовые большие 50-литровые.

**Телефон: 8-701-462-51-73, 32-55-78.**

## ПРЕДЛАГАЮТ НА ПРОДАЖУ

**ПРОДАМ** водовозную бочку на колесах, электродойку и дробилку, стиральную машину «Сибирь» (новая), деревянную детскую кровать. Телефон 8 705 102 36 48.

**ПРОДАМ** земельный участок в Зеренде, 19 соток. Телефон: 8-777-041-78-64.

**КУПЛЮ КОРОВ, ТЕЛОК, БЫКОВ. Телефоны: 8-771-909-84-57, 8-747-123-77-78.**



**КУПЛЮ КРС (молодняк, коров) и вынужденный забой. Телефоны: 8-776-444-74-90, 8-708-752-28-75.**

## КУПЛЮ

**КРС, мясо - говядину, конину, баранину, коз (живым весом или мясом). Вынужденный забой. В любом количестве. Самовывоз.**

**Телефоны: 8-777-396-17-39, 8-702-487-48-72.**




## *Сканворд - зарядка для ума*




## Ответы на сканворд в №33

**По вертикали:** ретушь, соус, ирга, тихоня, Челентано, робот, сопатка, накипь, бяка, Сима, Ясон, паркет, Джек, «Ауди», пунш, Паулс, дата, штат, опекун, продукт, изувер, бояре, Трубач, Диас, Абрау, плуг, Тесла, манту, Лиза, урду, колоб, Фрекен, право, Акира, июль.

**По горизонтали:** подиум, ягдташ, телок, утроба, апелла, доступ, шанс, струя, Тося, краска, Апис, Стеблов, «Динамо», рало, ротан, пята, румба, Сара, Бонни, стон, омич, Уфа, Итака, рандеву, плеп, мощи, кушак, Валико, плед, туше, узел, зять, титан, ругань.

**Ключевое слово: лопух.**


Собственник: ТОО «Z-ИНФОРМ»

Директор ТОО и гл. редактор: КИМ С.В.

Адрес редакции: Акмолинская область, с. Зеренда, ул. Мира, 65.
Тел/факс: 8(716 32) 20-1-93;
e-mail: zerenda_gazeta@mail.ru,

Находите нас: ВКонтакте Facebook

Газета издается по заказу акима района и является официальным изданием при проведении государственной информационной политики

Свидетельство № 15664-Г о постановке на учет выдано 27 октября 2015 года Министерством по инвестициям и развитию Республики Казахстан, Комитетом связи, информатизации и информации

Газета набрана и сверстана в компьютерном цехе ТОО «Z-ИНФОРМ». Газета отпечатана в ИП "Старкова А.А.", г. Кокшетау, ул. Е.Ауельбекова, 98.

Редакция не всегда разделяет мнение авторов опубликованных материалов.

Ответственность за содержание рекламы и объявлений несет рекламодатель.

Рукописи не рецензируются и не возвращаются.

Газета выходит на русском языке один раз в неделю

Индекс 65714

Тираж выпуска экз. 918

Заказ № 275.